

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 62 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2009 жылғы 30 қарашадғы № 243 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 10 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5994 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 27 тамыздағы № 167 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014.08.27 № 167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 62 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4175 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесінде:

б - т а р м а қ т а :

7) тармақта «.» деген тыныс белгісі «;» деген тыныс белгісімен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8), 9) тармақшалармен толықтырылсын:

«8) тіркеуші бағалы қағаздарды тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан / шоттарына есептен шығару/есепке алу жөніндегі бұйрықты орындаған кездегі мәміленің сомасы туралы;

9) пайдасына ауыртпалық салу жүзеге асырылған тұлғалар туралы мәліметтер болады.» ;

8-тармақтың 7) тармақшасында «есептерді берген» деген сөз «есептер бекітілген» деген сөздермен ауыстырылсын;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Осы Ереженің 9, 10, 12 және 13-тармақтарының талаптары мынадай жағдайда қолданылмайды:

1) бағалы қағаздар иегеріне - тіркелген тұлғаға, осы номиналды ұстау жүйесінде тұлғаға тиесілі бағалы қағаздар есепке алынған номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы лицензиясынан айырылған жағдайда орталық депозитарийдің жеке шотты ашу жөніндегі бұйрығының және номиналды ұстаушыға оның клиенті номиналды ұстаудың есебін жүргізу жүйесінде жеке шотты ашу үшін ұсынған құжаттардың түпнұсқалары негізінде жеке шот ашқан кезде;

2) жаңа тіркеуші эмитенттен немесе бұрынғы тіркеушіден тізілімдер жүйесін қалыптастыру үшін қажетті құжаттарды қабылдаған жағдайдағы тізілімдер жүйесін қалыптастырған кезде, сондай-ақ тіркеуші шоттың атқару парағын орындаған кезде.

Осы тармақтың 1) тармақшасының ережелері тіркелген тұлғаның тізілімдер жүйесінде ашылған жеке шоты болмаған жағдайда қолданылады.»;

мынадай мазмұндағы 17-1-тармақпен толықтырылсын:

«17-1. Осы Ереженің 15-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген орталық депозитарийдің бұйрығы осы Ереженің 17-тармағының 1), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мәліметтерді қамтиды.»;

19-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) пайдасына ауыртпалық салу жүзеге асырылған тұлғалар;»;

32-тармақта «15-тармағына» деген цифр мен сөз «15-тармақтың 2) тармақшасына» деген цифрлармен және сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 32-1-тармақпен толықтырылсын:

«32-1. Тіркелген тұлға тіркеушіге:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін (жеке тұлға үшін);

2) осы Ереженің 13-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін (заңды тұлғалар үшін) ұсынғанға дейін осы Ереженің 15-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ашылған жеке шот бойынша, тіркелген тұлғаның жеке шотына бағалы қағаздарды есепке алу жөніндегі операцияларды қоспағанда, осы Ереженің 26-тармағының 2), 3), 5) және 7) тармақшаларында көрсетілген операциялар жүргізілмейді.»;

41, 42-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«41. Акциялар шығарылымының күшін жойған кезде тіркеуші уәкілетті органның акциялар шығарылымының күшін жою туралы хабарламасын алғаннан кейін акцияларды, олардың ұстаушыларының жеке шоттарынан және эмитенттің жеке шоттарынан бір мезгілде есептен шығару жөніндегі операцияларды

ж ү р г і з е д і .

Заңды тұлғаның таратылуына не қайта ұйымдастырылуына байланысты жарияланған акциялар шығарылымының күші жойылған жағдайда тізілімдер жүйесін жүргізу тіркеуші мен эмитенттің арасында жасалған шарттың бұзылуын растайтын құжаттың негізінде тоқтатылады.

42. Облигацияларды (исламдық бағалы қағаздарды) өтеу кезінде тіркеуші облигацияларды (исламдық бағалы қағаздарды), оларды ұстаушылардың шоттарынан есептен шығару және эмитенттің (оригинатордың), оның облигацияларды (исламдық бағалы қағаздарды) өтеу бойынша өз міндеттемелерін орындағанын растайтын хабарламасының негізінде сатып алынған бағалы қағаздардың есебін жүргізу жөніндегі шотына есепке алу операциясын жүргізеді.»;

Ереженің 1-қосымшасының үшінші кестесінде «жүк ауыртпалығында болып табушылар» деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

«

пайдасына ауыртпалық жүзеге асырылған тұлғаны отырып, ауыртпалық салынғандар	салу көрсете	пайдасына оқшаулау жүзеге асырылған тұлғаны отырып, оқшауланған бағалы қағаздар	көрсете
---------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------

» ;

Ереженің 2-қосымшасының үшінші кестесінің «жүк ауыртпалығындағылар немесе оқшауланғандар» деген бағандары мынадай редакцияда жазылсын:

«

пайдасына салу жүзеге тұлғаны отырып, салынғандар, (немесе) оқшауланғандар	ауыртпалық асырылған көрсете ауыртпалық
-------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------

» ;

Ереженің 4-қосымшасының екінші кестесінің «жүк ауыртпалығындағылар және (немесе) оқшауланғандар» деген бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«

пайдасына салу жүзеге тұлғаны отырып, салынғандар, оқшауланғандар	ауыртпалық асырылған көрсете ауыртпалық (немесе)
-------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------

2. Осы қаулы оны бірінші ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (М.Ж. Хаджиева):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға, орталық депозитарийге және «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігіне м ә л і м е т ү ш і н ж і б е р с і н .

4. Агенттік Төрайымының қызметі (А.Ә. Кенже) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында осы қаулыны жариялау шараларын қолға а л с ы н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін

Төрайым

Е. Бахмутова